



Неліктен маған тағайындалған дәріні емес, оның баламаларын жазып берді?

Амбулаторлық деңгейде қамтамасыз етуге берілетін тегін дәрілер халықаралық патенттелмеген атаулармен сатып алынады.

Рецепт сол атау бойынша немесе сауда белгісі ретінде бекітілген атауымен жазылады.



Мысалы

халықаралық патенттелмеген атау

тауарлық атау




=



Ацетилсалицил қышқылы

Аспирин Упсарин



Бұл препараттардың әсері де, қабылдауға арналған көрсетілімдері де, құрамы да бірдей. Тек өндірушілері мен тауарлық атаулары әртүрлі.

Дәрігер Қазақстан аумағында тіркелмеген дәріге рецепт жазып бермейді.




Себебі, дәріні тіркеу оның тиімділігін, қауіпсіздігін және сапасын растайды.

Рецепт қалай ресімделуі керек?



Медицина қызметкерінің қолымен және мөрімен расталған арнайы бланк

Арнайы жүйе арқылы жазылған рецепт. Егер дәрі кепілдендірілген тегін медициналық көмек шеңберінде жазылған болса, онда ол тегін дәрі-дәрмекке арналған автоматтандырылған электронды жүйе арқылы беріледі.



Медицина ұйымының мөрі

Қабылдау мөлшері, жиілігі мен ұзақтығы мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазылады




Дәрігер рецептуралық қысқартуларды латын тілінде жаза алады

Дәрігер жалпылама нұсқаулармен шектелмеуі тиіс және рецептіні түзетуге болмайды



Рецептілер қанша уақытқа жарамды?




жарамдылық мерзімі

1 АЙ

Рецептілер, соның ішінде тегін дәрілерге арналған рецептілер 1 айға жарамды;



Тегін және жеңілдікпен берілетін дәрі-дәрмек рецептілері республикадағы белгілі бір әкімшілік бірлік (аудан, қала, облыс) аумағында ғана жарамды.



жарамдылық мерзімі

10 КҮН

Құрамында туынды 8-оксихинолин, гормоналды стероидтар, клонидин, анаболикалық стероидтар, кодеин, тропикамид, циклопентолат, трамадол, буторфанол бар дәрілік заттардың рецептісі — жазып бергеннен бастап күнтізбе бойынша 10 күнге жарамды;

Рецепт бойынша дәрі жазып беру № 373 бұйрық арқылы реттеледі.

Дәріні алғаннан кейін сізге препараттың берілгені туралы SMS хабарлама келеді. Бұл – тегін дәрі-дәрмектерді беру процесін бақылаудың жаңа түрі. Ол әзірге нобайлы жоба ретінде іске қосылғандықтан, SMS-хабарламаны 2018 жылдың қараша-желтоқсан айларында дәрі алғандар ғана алып жатыр.

ЕГЕР СІЗГЕ ОСЫНДАЙ ХАБАРЛАМА КЕЛСЕ, БІРАҚ ШЫН МӘНІНДЕ ДӘРІ ҚОЛҒА ТИМЕГЕН БОЛСА, 2315 НӨМІРІНЕ «0» САНЫМЕН SMS ХАБАРЛАМА ЖОЛДАҒЫЗ. НЕМЕСЕ 1439 ТЕЛЕФОН НӨМІРІНЕ ХАБАРЛАСЫП ЕСКЕРТІҢІЗ.

